

Кержикеев Жұмағали

1914 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданы Сартау ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1941 жылы шілде айында соғысқа аттанған. 654- атқыштар полкі құрамында қатардағы жауынгер болған. Басынан ауыр жараланып, госпитальде емделіп шыққан соң соғысқа қайта кірген. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында германияны жеңгені үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Майданнан 1945 жылы маусым айында аман-есен елге оралып, колхоз жұмысына араласқан. Кейін Чапай ауылында тұрған. 1980 жылы қайтыс болған.



